



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

Список литературы:

1. Руководство для учителя. Второй (основной) уровень. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012. – 77 с.
2. Слостенин В.А. Педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / В. А.Слостенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; под ред. В.А.Слостенина. - 11-е изд., стер. - М.: Издательский центр «Академия», 2012. - 608 с.
3. Бизяева А.А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. – Псков: ПГПИ им. С.М. Кирова, 2004. – 216 с.
4. Чиксентмихайи М. Поток: Психология оптимального переживания. - М.: Альпина нон-фикшн, 2021. – 464 с.

УДК 711.7

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Кокишева Мейрамкуль Балгабаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Ишманова Майра Жумағалиевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Брянова Айсзуле Есимжановна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 22 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Кәсіби құзыреттілік дамыту барысында педагогикалық шеберлікті жетілдіру негізгі мақсат болып саналады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық қызметіміздің мақсаты бәсекеге қабілетті оқушыларды, мемлекеттік тілді жетік білетін дарынды және дара тұлға дайындау.

Түйінді сөздер: құзыреттілік, инновация, технология, тұлға, кәсіптік.

Аннотация

В процессе развития профессиональной компетенции основной целью является совершенствование педагогического мастерства. Инновации способствуют повышению уровня знаний. Целью нашей педагогической деятельности в обучении казахскому языку является подготовка конкурентоспособных учащихся, одаренных и индивидуальных личностей, владеющих государственным языком.

Ключевые слова: компетентность, инновация, технология, личность, профессиональный.

Annotation

In the process of developing professional competence, the main aim is to improve pedagogical skills. Innovation contributes to increasing the level of knowledge. The aim of our pedagogical activity in teaching the Kazakh language is to prepare competitive students, gifted and individual individuals who speak the state language.

Keywords: competence, innovation, technology, personality, professional.

*«Сабақ беру - үйреншікті жай шеберлік емес,
ол - үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер».*
Жүсіпбек Аймауытов

Ұстаздық жолды ұстанған тұлға үшін кәсіби құзыреттілік дамыту барысында педагогикалық шеберлікті жетілдіру негізгі мақсат болып саналады. Себебі ұстаздың шеберлігі біріншіден, оқушыны қалай оқыту үшін оның психологиясын жетік білуі керек. Екіншіден, оқытып - тәрбиелеудің әдіс- тәсілдерінжан - жақты меңгеріп, оларды өз тәжірибесінде тиімді қолдана білу керек. Тәжірибеде осы қағидалары ұстанған мұғалімдер ғана шеберліктері қалыптасып кәсібінде үлкен жетістіктерге жете алады.

Қазіргі уақытта оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын қамтамасыз ету дегеніміз нәтижелі білім берудің мақсатына жетуге оқу-тәрбиелік көмек беру болып табылады. Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті-білім беру мақсатына жету болып табылады. «Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innovare – жаңа) -жаңаны еңгізу деген этимологиялық мағынаны білдіреді. Инновация бұл жаңа-

ны енгізу үрдісі болып табылады. Жаңашылдық - өн бойында жаңанын мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіруші құбылыс. Отандық ғалымдар Н.А. Асанов инновацияларды оқу үрдісін басқару аспектісінде қарастырса, А.К. Мынбаева, З.М. Садвақасова «Инновационные методы обучения» еңбегінде инновацияны оқытудың жаңа технологиялары аспектісінде қарастырды [1, 136].

Әрбір инновациялық технологияның өзіндік ерекшеліктері болады. Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болып саналады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқытудағы маңызды нәрсе - білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Инновациялық білім беру өз құрамына жеке тұлғалық көзқарасты, кәсіби шеберлікті, білім алудың мықты негіздерін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану деген ұғымдарды біріктіреді.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктіруімен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл, қарым - қатынас тілі - орыстілі және ағылшын тілі - әлемдік кеңістікті тану тілі. Бұл тілдерді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарламасы.

Қай елдің, қай жердің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алу - оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жаман болмайды» - дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында, мұғалімнің алдында оқушыларға білім беру мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесіне көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдер қажет болып отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектептегі жақсы оқуы ғана емес, өмірде табысты болуы- мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік.

Қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары - оқушылардан шынайы мәселелерді анықтап, зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі - құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ- ны қолдану, коммуникативті қарым- қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуге және оны жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс – тәсілдерді (бірлескен, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) игеруге үйретеді. Қазақстан мектептерінің алдындағы басты міндеттердің бірі - мұғалімнің кәсіптік білімі жоғары болуы. Ол үшін мұғалімдер кәсіби біліктілігін көтеріп, білім саласындағы әрдайым жаңалықтарға назар аударып, өз жұмысында тиімді пайдалану керек [2, 36].

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде жаңа адамды қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізіліп келеді. Оның бастыларының бірі әрі бірегейі - білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре түсіп, білім мен тәрбиені ұлттық рухта әлемдік жүйеге жақындастыру. Сол себепті оқу-ағарту саласының оқу үрдісінде көптеген өзгерістерді кең көлемде енгізу талап етіледі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу», - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және инновациялық педагогикалық технологияны меңгеру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда. Ғалым -зерттеуші Ф.Оразбаева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде: «Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа да көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді дамытуына көмектеседі. Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу - оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны», - деп нақтылап айтқан. [3, 116] Әрбір технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің тиімділігін мұғалім сыныптағы оқушылардың қабілетіне және қабылдау деңгейіне қарай қолдануға тиіс. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметін, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық қабілет әр оқушының табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз - оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндік-

терін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады. Ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Мұғалім өзінің оқыту оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүрсе, оқушылардың да білім деңгейі көтеріледі. Мұғалім оқушылардың жетістіктерін көре отырып, алға ұмтылуға бағыт-бағдар беру, дарындылықты даралау, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлу арқылы өзін-өзі реттейтін оқушыға айналдыру үшін сабақ барысында кері байланыс жасап отыру қажет.

Мемлекеттік тілдің жоғарғы деңгейде оқытылуы оқушы санасына сіңіретін білімнің сапасымен өлшенеді. Әрбір мұғалім үнемі шығармашылық ізденісте болуы тиіс. Біз өз тәжірибиемізде үнемі оқушылармен ұйымдасып, бірлесіп, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлеміз. Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында белсенді жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды сызба арқылы көрсете алады. Олар өз мүмкіндігінше жобаларын қорғап шығуға талпынады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына қағидаларды есте сақтаймыз:

1. Жауапкершілік;
2. Сыйластық (бір – біріне бірдей бағынышта болу);
3. Топтың барлық мүшелерінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету;
4. Тікелей сөйлеуде әлеуметтік қарым – қатынас жасау, дағдыларын қалыптастыру;
5. Топта ұтымды жұмыс істеп, жақсы нәтижеге жету.

Қазіргі кезде мектеп мұғалімнің алдында тұрған маңызды және жауапты міндеттердің бірі- оқушыларға тиянақты білім беру. Өскелең ұрпақты мәдениетті болуға, Отанын, мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу - әрбір ұстаздың борышы. Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдістерін қолдануы керек. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану - оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарының бірі. Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларының негізгі талабы-мемлекеттік тілді оқытудың саны мен санасына көңіл бөлу керек». Сондықтан орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгеру, оқу техникасын қалыптастыру және қазақ тіліне тән дыбыстарын ажырата білуге үйрету.

Қазіргі ақпарат құралдары дамыған заманда жастардың дүниетаным кеңейту керек. Осыған орай мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды кең қолдануда. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. [4, 266]

Инновациялық технологиялардың ерекшелігі - тек білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным үрдістерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым-қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын ауызша және жазбаша дамытуға зор мүмкіндік береді. Сабақ барысында топтық жұмыс жасай отырып, оқушы өзін-өзі сезінеді, мұғалім мен оқушының арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды және оқушылардың өзінің тұлғалық маңыздылығын сезінуі, өзін көрсете білуі мен өзіне деген сенімділігі артады.

Жаңартылған мазмұнының мұғалім мен оқушыға берері көп. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалім маманы болғандықтан кез келген сабақта ұлттық болмысымызды ескеруіміз керек. Мағжан Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыда сыналып жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті,» - деп жазған. Оқушыны мұғалімнің дәл өзіндей қылып тәрбиелеу емес, келешек заманына лайық қып шығару арқылы Мағжан Жұмабаевтың тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастыруға болады. Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір ерекшелігі оқушының өзіне еркіндік бере отырып, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойлаңдыра отырып, көзін жеткізу. «Бала нашар істі өзі істемейтін, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», - дейді танымал педагог. Мұғалім қызметінің мақсаты оқушының басқаға ұқсамайтын қасиетін ашып, ықыласын оятып, қолынан келетініне сендіре білу. [5, 666]

Мұғалім оқушының кемшілігін емес, жеңісін көру керек. Оқушыға сыйлы боламын десең, мұғалім оқушыны сыйла білу керек. Ұстаз әр оқушы табиғаттың ғажайып құбылысы дегенді естен шығармауы тиіс. Қазіргі заман талабының өзі оқушыны бірінші орынға қояды, ал мұғалім сабаққа тек бағыт беруші болады. Оқушыларға алдын-ала берілген тапсырмалар арқылы сабақ түсіндіріп, өздік, өзіндік талдау жасап, бірін-бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік беріледі. Білім беру ісінің өзекті мәселесіне оқушылардың бойында оқуға деген қызығушылықты, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру жатады. Жаңартылған білім мазмұны нәтижесі бойынша оқушылардың еркін, өзіндік дәлелдерін жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір- көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптастыруға болады.

Біз өз сабақтарымызда сыни тұрғыдан ойлау, пікірталас, ойын технологиясының элементтерін, интерактивті әрекеттер технологиясын, проблемалық оқыту, зерттеу, жобалау және дамыта оқыту, сатылай кешенді талдау технологияларын үнемі қолданып келеміз. Осы технологияларды пайдалану-

дың тиімді жақтарына оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын ояту, танымдық қабілеттілігін қалыптастыру, оқушыны шығармашылық жұмысқа баулу, оқытушының уақытын үнемдеу жатады. Сабақ түсіндірген кезде оқушыға көп күш түсірмей жеңілден ауырға қарай, тиянақты білім алуына мүмкіндіктер туғызамыз. Жаңа технологияларды үйрену кезінде әрбір педагог инновациялық технологияларды меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Бұл технологиялар сабақтың сапалы, қызықты етуіне ықпал береді. Қазіргі таңда тиімді технологиялардың бірі топқа бөліп күрделі тапсырмаларды біріктіріп, ұжым болып орындауға мүмкіндік береді. Мәселен, оқушылар екі топқа бөлінеді. Осы екі топқа Ыбырай Алтынсариннің бір шығармасы бойынша бірінші топ берілген өлеңнің идеясын анықтайтын болса, екінші топтағы оқушылар көркемдеуіш құралдарын, әңгімелерінің мағынасын ашып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата біледі.

«Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға тиімді болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап береді. Бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылған немесе «Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Осы кезеңде «Түртіп алу кестесі» бойынша да жұмыс жасау арқылы қорытынды шығаруға болады. Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. «Венн диаграммасы» стратегия сабақтың әр кезеңінде енгізу арқылы оқушылардың сөздік қорларын байытуға болады. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз деп ойлаймыз.

Аталмыш айтылған технологиялар әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының сабаққа деген ынтасын, білім сапасын арттыруға үлкен үлесін қосады деген ойдамыз. Бұл әдістердің нәтижесінен мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жақсарғанын, оқушының сабаққа деген қызығушылығының артқанын байқауға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі жаңа технология талаптары оқушыларға көркем шығарманы, ондағы айтылған ойды, оның қоғамдық санамен байланысын, мақсатты түйсіне, ұғына, талдай білуге, сол арқылы өзіндік пікірін қалыптастыруға, әрбір әдеби құбылыс жөнінде өз ойын айта білуге, өздігінен оқыған шығармаларын сырттың көмегінен дұрыс саралай тануға жетелейді. [4, 296] Ол белгілі бір жүйе арқылы әдеби шығармаларды оқыту, талдау, өзіндік дербес жұмыстарды жүргізу барысында ғана жүзеге асады. Іздендіруші, дамытушы, танымдық сауалдар мен тапсырмалар ғана көркем шығарманы жүйелі талдауға негіз болады және мәселелік жағдай туғызуға түрткі жасайды. Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту мен талдауды, оның неғұрлым тиімді жолдарына даралап оқыту, саралап оқыту, мәселелік ізденіспен оқыту жатады. Даралап оқытуда оқушының жеке басының қабілетінің даму деңгейі ерекшеліктерін ескеріп, оқытудың әдістерін, тәсілдерін тандап оқыту үрдістерін айтады. Проблемалық әдіспен оқытуда көзделетін мақсат-оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету.

Проблемалық оқыту – оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі керек. Осы тұрғыдан келгенде, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістемесі өте қолайлы. Мәселен, С.Мұқановтың «Саятша Ораз» әңгімесін алатын болсақ, «Куббизм» әдісі арқылы саятшы Ораздың образын ашуға болады. Кубиктің алты жағы бар. Қолданыңыз не жоққа шығарыңыз. Салыстырыңыз. Саралаңыз. Ойыңызбен байластырыңыз. Қолданыңыз.

1. Салыстыру (мәтіннен тауып алу керек): Ораз асқан мерген болған. Мысалы: Өзгелер «Ораздың қолы өмірді мүлт кеткен емес....» 2. Ораздың мейірімділігі мен жомарттылығы. Мысалы: «Ораз атқан құстарын не ілдірген аңдарын соларға үлестіріп, өзі үйіне бірер күнге ғана азық әкеледі екен...».

2. Саралау: Дарынды жазушы Ораздың мінезімен ішкі дүниесін жақсы сезіне біледі. С.Мұқанов өз шығармасында мерген, алғыр, ақкөңіл, жомарт қоршаған ортасын бақылай алатын адам туралы жазылған. Алдына қойған мақсатына жеткен, қалың жұртын мұқтажын жақсы білген кейіпкер ретінде бейнеленген. Жазушы саятшы Ораз бейнесі ерекше көрсете білген.

3. Ойыңызбен байланыстыру: С.Мұқановтың «Саятшы Ораз», «Жылқышы» шығармалары қазақ әдебиетіндегі қайталанбас туындылар.

4. Қолданыңыз: шығармадағы саятшы Ораздың портретін бейнелеуде қолданылған сөздерді пайдаланып, сыныпта отырған бір оқушыны сипаттап беруге болады. Көркем шығарманы талдауда көзделетін негізгі мақсат - шығарманың идеялық - тақырыптық мазмұнын ашу, көркемдік ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады. Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқыту да бұл мақсаттан алшақ кетпейді. Керісінше, оқушылардың көркем әдебиетті оқып үйрену мен ана тілге деген көзқарасын, жалпы ой - ерісін, сөз өнеріне деген ынтасын қалыптастыруға қызмет етеді.

Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың тіл жұтандығын жою, қазақ тілінің бай қорымен сусындату, қаламгерлердің жазушылық шеберліктерінің сырын таныту, балалардың әдеби мәтінмен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сол негізде көркем сөздің ерекшелігін таныту болады. Мектепте көркем шығарманың тілін талдап оқыту үшін барынша

жаңа технологиялар мен әдістерді пайдаланған жөн. жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Біз өз сабағымызда оқушылардың мемлекеттік тілде дұрыс сөйлеуге, оқуға, сауатты жазуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатындай болуын көздейміз. Қазақ тілінің асыл мұрасы - сөз байлығын, шебер сөйлеудің озық үлгілерін игерту, тілімізді құрметтеп, қастерлеуге шақыру - біздің басты міндетіміз.

Қорыта айтқанда, орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін де аса маңызды. Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде оқушының күннен-күнге білімге деген ынтасы артады, олар өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуге тырысады, өз-өздерін бағалап, өз күшіне деген сенімділік пайда болады, оқудың мақсатын түсіне бастайды және осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде дамуына үлкен әсер етеді. Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық қызметіміздің мақсаты-мемлекеттік тілді жетік білетін, бәсекеге қабілетті оқушыларды, дарынды және дара тұлға дайындау.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Педагог» журналы 2021. №2 -13-14б.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2018. №2 -3-9б.
3. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» 2019. №2 -11б
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2019. №7 -26-32б.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2020. №3 -66-67б.

УДК 378.1

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ФАКТОР ДОСТИЖЕНИЯ ПЛАНИРУЕМЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ ОСНОВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

Корчинская Евгения Петровна,

учитель начальных классов

КГУ «Школа-гимназия города Тобыл

отдела образования Костанайского района»

г.Тобыл, Казахстан

Аннотация

Замануи білім соңғы жылдары жаңа өзгерістерге ұшырауда. Бұл мақалада «Шекарасыз оқыту» жобасы мұғалімге өз мүмкіндіктерінің әлеуетін ғана емес, сонымен бірге оқушыларын да ашуға көмектеседі делінген. Сондай-ақ, бұл мақалада «Мұғалімге арналған нұсқаулық» бағдарламасы мен оқу әдебиеті арқылы үшінші базалық деңгейде педагогикалық қайта даярлауға енгізілген жеті модульдің идеясы туралы аналитикалық пайымдау бар, ол осы мақалада негізгі және жалғыз әдебиет көзі болып табылады.

Түйін сөздер: оқыту, жобасы, метатаным, модуль, жақын арадағы даму аймағы.

Аннотация

Современное образование за последние годы претерпевает новые преобразования. В данной статье говорится о том, что проект «Обучение без границ» помогает учителю раскрыть не только потенциал своих возможностей, но своих учеников. Также в данной статье идет аналитическое рассуждение об идеи семи модулей, которые были внедрены в педагогическую переподготовку на третьем базовом уровне через программу и обучающую литературу «Руководство для учителя», которая в данной статье является основной и единственной как литературный источник.

Ключевые слова: проект, обучение, метопознание, модуль, зона ближайшего развития.

Abstract

Modern education has been undergoing new transformations in recent years. This article says that the project «Learning without Borders» helps a teacher to reveal not only the potential of their abilities, but also their students. Also in this article there is an analytical discussion about the ideas of seven modules that were introduced into pedagogical retraining at the third basic level through the program and the teaching literature «Teacher's Guide», which in this article is the main and only literary source.

Keywords: Project, Learning, metacognition, modules, the zone of immediate development.

Впервые с понятием «метапознание» познакомилась тогда, когда стала участником проекта «Обучение без границ». Базовой компетенцией такого урока является учить учиться. При тщательном изучении модулей, первым вызвал интерес модуль «Новые подходы в преподавании и обучении».